



ХАБАРЛАНДЫРУ

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ШЕТЕЛДІК ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚУҒА ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БІЛІМ ГРАНТТАРЫН ТАҒАЙЫНДАУ БОЙЫНША «НҰР АРМАН» АРНАЙЫ ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУ ҮШІН ҚҰЖАТТАР ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙДЫ.

«Нұр Арман» жобасы бакалавриат бағдарламасы бойынша оқу үшін дарынды, келешегі мол жастарды қолдауға бағытталған.

Мақсатты аудитория: әлеуметтік көмекке мұқтаж жастар, оның ішінде жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар, мүгедектер, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын отбасыларынан, көп балалы және толық емес отбасыларынан, ата-анасы мүгедек болып табылатын отбасыларынан шыққан балалар.

Грант оқу құнын, ай сайынғы стипендияны, медициналық сақтандыруды, оқитын орнына дейін және кейін қарай жылына 1 рет әуе көлігімен ұшып-қону, оқудың барлық кезеңіне визалық қолдауды қамтиды.

Құжаттарды қабылдау 2017 жылғы 1 мамыр мен 10 маусым аралығында жүзеге асырылады. Қатысушыларға қойылатын талаптар мен жобаға қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі «Нұр Отан» партиясы Саяси менеджмент мектебінің сайтында www.spm.nurotan.kz («Қызмет» – «Нұр Арман» жобасы» бөлімінде) орналастырылған.

Құжаттар «Нұр Отан» партиясының аймақтық филиалында мына мекенжай бойынша қабылданады:
